

«КЕЛІСІЛДІ»

«Мұғалжар ауданының  
білім бөлімі»

ММ әдістемелік кабинеті  
*Г.К. Нұрмағанбетова* Г.К. Нұрмағанбетова

«08» 09 2020 ж.



«БЕКІТЕМІН»

«Қарлығаш» бөбекжай-  
бақшасы»

МКҚК меңгерушісі  
*К.С. Медеуова* К.С. Медеуова

«28» 08 2020 ж.



«Әдептілік-мәдинеттің бастауы»

Вариативттік компонент

Бағдарламаны дайындаған:  
Қазақ тілі маманы  
Ә.Д. Тәжиева

Қандығаш қаласы

## Түсінік хат

Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласында заман талабына сай, уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ететін кез келді. Қазіргі заманғы педагогика бұл даму педагогикасы, себебі ол әр баланың жеке тұлғасын, оның шығармашылық потенциясын, қабілетін дамытатын тәрбиелік және білім беру әрекетінің нәтижесі. Тәрбие балабақшаға кірген босағадан басталады, яғни бала тәрбиелене отырып білім алады. Тәрбиенің арқауы - әдептілік. Әдептілік - әр адамның бетбейнесі, өзін - өзі таныту жолындағы іс үлгісі, адамның қасиеті. Адамдық тәрбиенің алтын арқауы да, халық педагогикасының қайнар бастауы да - әдептілік. Қазақ халқының даналығы, тәрбие тамыры тереңде жатқан таусылмас қазына. Ұлттық тәрбие негізінде баланың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту халықтық педагогика арқылы жүзеге асады. Жоспарда баланың сөздік қорын, тілін, мәдениетін балабақшада ата - аналармен бірлесе отырып қалыптастыруды негізделген. Отбасы баланың өсіп - өнетін, өнеге алатын алтын ұясы, ал балабақшада әр түрлі ұлттық ойындар, сахналық қойылымдар, дидактикалық ойындар, ертегілер арқылы балалардың тілін жан - жақты дамытып тәрбиеленеді. Қазіргі заман талабы баланың жеке басын қалыптастыру, оның көкірегін оятып, ата-бабадан қалған асыл мұрасын, тұрмыс салтын, өнегесін, әдеп - ғұрып дәстүрін баланың сәби шағынан бойына сіңіру адамгершілік, ізеттілік, эстетикалық сезім әрекеттерін қалыптастыру. Баланың әдепті көркемді болып өсуіне ықпал ету, баланың Отанын өз елін, өз жерін сүйуге, үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу.

### Аннотация

Берілген бағдарлама тақырыбы: «Әдептілік - әдемілік әлемі».  
Советхан Ғаббас «Халықтық педагогикасының негіздері» атты еңбегі  
басшылыққа алынған.

Жұмыс негізі ұлттық педагогика мен психология негізін салушы педагог-  
ғалымдар: А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұбановтардың еңбектеріне  
сүйенген.

Негізгі мақсаты-дені сау, сана сезімі ояңған, рухани ойлау дәрежесі  
биік, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, бойында игі қасиеттер қалыптасқан  
ұрпақ тәрбиелеу.

Бұл бағдарламада ата-баба мұрасын өнер мен өнеге үлгілерінің  
лайықтыларын баланың құлағына естірте, көзіне көрсете отырып, ойын  
арқылы бойына сіңіріп, санасына орнықтыру көзделген. Ата-аналармен  
бірлесіп әдептілікке, ізеттілікке, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету  
жұмыстары қолданылған.

Мектеп жасына дейінгі баланың дүние танымына, ой-өрісін кеңейтіп, сөздік  
қорын байыту, эстетикалық талғамын арттырып, адамгершілікке баулу ісінде  
құрылып, баланың жас ерекшелігі ескерілген. Бүгінгі күн талабына сай  
баланың жеке тұлға болып өзін-өзі сезінуінің, адамгершілік, мәдениетті  
сөйлей білуі, сәлемдесуге баулу, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеуге  
бағытталған.

Отанымыздың табиғатың, еліміздің салт-дәстүрінен көптеген мағлұматтар  
алып танысу мақсатында бірнеше тақырыптар алынған.  
Бағдарлама баланың жас ерекшелігіне сай 36-сағатқа құралған.

## Кіріспе

Бала – балғын тал, ересек адам бағбан. Бұл әр халықтың ғасырдан – ғасырға әкеле жатқан қағидасы. Жас ұрпақтың тілін дамыту жұмысын отбасында балалық кішкене күнінен бастап қолға алудың қоғамдық, әрі тәрбиелік мәні зор. Өйткені мектепке дейінгі шақ баланың тіл құбылыстарында аса сезімталдығының байқалатын кезі. Бұл шақта баланың өзін қоршаған дүниені танып – білуге құмарлығы, қызығушылығы ерекше дамиды. Ал балабақшаға келген кезде, онда танымдылық белсенділігі, бір нәрсені сұрап білуге, өз ойын хабарлап жеткізу қажеттіліктері туады. Сондықтан баланың тіліне деген сүйіспеншілігін тәрбиелеп, бала жанын небір жақсылық нәрімен суару, оны тәрбиелеуші педагогтың, әрбір ата – ананың үлкен міндеті. Қазір «мектепке дейінгі тәрбиеде» білім беру жұмысын ұлттық негізде ұйымдастыруға аса көңіл бөлінген. Баланың шығармашылығын дамыту үшін алдымен, тіл дамыту мен ой дамытуға көңіл бөлінуі керек. Тіл – бүкіл тіршіліктің алтын қазығы. Ғылымның, білімнің қай саласы болсын, ол тек тіл арқылы дамиды. Тіл дамыту мен ой дамыту – тұтас жүйе. Екеуі қосылып, өмірді, әлемді, дүниені танытады. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін мынадай шарттар орындалу керек. Олар:

- Шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастапқолға алу;
- Жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болуы;
- Ойлау мүмкіндігінің ең жоғары деңгейіне жетуі;
- Шығармашылық іс-әрекет жағдай туғызу;

Ойлап үйрету – баланың есін, қиялын, ой-өрісін кеңейтіп, ауыз екі сөйлеу дағдыларын қалыптастырып, эстетикалық талғамын арттырумен ұштасады.

### **Бағдарламаның мақсаты:**

Отбасымен тығыз серіктестік қатынас орната отырып, балада шығармашыл тұлға қалыптастыру мен тәрбиелеу, ұлттық дәстүрді сақтау, балаларды ұлттық мәдениет пен ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетімен таныстыру.

### **Міндеттері:**

1. Бала өмірін сақтау, денсаулығын нығайту, дене бітімін нығайту, дене бітімін дамыту, ұлттық дәстүр негізінде салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру. Әр балаға жеке дара тұлға ретінде жеке басына сыйластықпен, түсіністікпен қарау.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың көркем әдебиет пен халық ауыз әдебиетіне алғашқы қызығушылықтарын қалыптастыру.
3. Тәрбие басы біріншіден әдептілікке үйрету. Екінші баланы қайырымды, иманды, мейірімді болуға баулу. Үшіншіден тіл алғыш, елгезек, адал, шыншыл, ата-ананы, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болуға, сонымен қатар елін, жерін сүюге тәрбиелеу.
4. Балабақшамен ата-аналар ынтымақтастыққа жұмыс жүргізу, балаларға тиісті көңіл бөліп, олармен санаса білу арқылы келешектің шын жанашыры, елдің арқа сүйер азаматтарын тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтиже:** Әр баланың досының болуы достықтың маңызын білуі керек. Үлкенге деген құрмет, сенім, әдептілік арқылы мықты болатынын түсіну. Адамдар бір-біріне қиын жағдай туғанда көмектесу керек екенін біледі. Ойынды бірлесе ұйымшылдықпен ойнайды. Ойларын қорытындылау, тапсырмалар орындау. Балалар бір-бірімен сыйластық адамгершілікте тіл табыса алады.

**Вариативті компонент: Әдептілік-мәдениеттің бастауы»**

№	Тақырыбы	Мақсаты	Күні
1	Сәлеметсізбе танысып қояйық!	Балаларды балабақшамен, ондағы еңбектетін қызметкерлердің жұмыстарымен таныстыру. Топтағы түрлі ойыншықтармен балаларға арналған құралдармен таныстырып, оларды қолдануға үйрету.	1
2	Сиқырлы сөздер әңгімесін оқу	Балаларға әдептілік туралы түсінік беріп, әдептілікке тәрбиелеу.	1
3	Қуыршақты киіндіру	Балаларды құрбы-құрдастарымен, үлкендермен сәлемдесу, ізеттілік туралы түсінік беру. Құрмет сезімдерін тәрбиелеу.	1
4	Қуыршақты әсемдеу	Балаларға телефонды пайдалану тәртібі туралы түсінік беру, сыпайылыққа тәрбиелеу.	1
5	Шалқан ертегісі	Балаларды сыпайлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу. Сыпайы сөздерді қолдана білуге үйрету.	1
6	Дәрігердің қабылдауында	Балаларды табиғатта өздерін ұстау тәртібімен таныстыру. Экологиялық мәдениетін қалыптастыру.	1
7	Автобуста	Мейрімділікті ізет таныту қатыгездікпен салыстыра отырып түсіндіру. Балалардың ойлау қабілеттерін жетілдіру.	1
8	Иманды және әдепті	Баласының анасына деген сүйіспеншілігін, қамқорлығын арттыру, өз анасына және барлық анаға құрметпен қарауға асыялауға тәрбиелеу.	1
9	Бауырсақ қуыршақ театры	Балаларға қонаққа бару, қонақта өзін ұстау. Қонақты шығарып салу рәсімдері туралы түсінік беру. Сыпайы сөзлеуге тәрбиелеу.	1
10	Жыл мезгілі	Балалардың жақсымен жаман туралы түсініктерін жетілдіру, тілдерін дамыту. Адамгершілік қасиеттерге баулу.	1
11	Балабақша	Қызбаласын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.	1
12	Ойыншықтар	Балаларды күнделікті тұрмыста пайдаланылатын ізгілік сөздерді пайлана білуге үйрету, тілдерін сөз қорындамыту.	1

13	Балабақшам, бал мекенім	Сыйлықдегендіқалайтүсінеді. Сыйлықтықалай кімдергебереді. Сыйлыққабылдапалу, қалайжүретінітуралытүсінікберу.	1
14	Жыл мезгілінің керемет сәттері	Балалардыңқонаққутужайлыбілімдерінтиянақ тападамгершілікке, қасиеттергебаулу. Тілдеріндамыту, еңбексүйгіштікетәрбиелеу.	1
15	Отбасы	Балаларды Отан сүйюге, өзОтанынадегенсыйластықсезімінтуғызу. Сүйіспеншілігенарттыру.	1
16	Ойыншықтар әлемі	Өзгелергекөмектесі, мейрімділік, қайрымдылықтуралытүсінікберу.	1
17	Жыл мезгілі - табиғат әлемі	Мақалтуралытүсінікберу. Балалардың ой өрісіндамыту, түсініктерінқалыптастыру, ойлауқабілеттерінжетілдіру.	1
18	Қонақта	Балалардытұсаукесурәсіміментаныстыру. Тілбайлығындамыту. Бірбірінедегеныстықсөздерін оятып, үлкенгеинабатты, кішігеқамқоршыболуғатәрбелеу.	1
19	Достық әлемінде	Балаларғадостықтуралытүсінікберу. Достықдегенне? Достықтықалайбағалауғаболатынытуралыбалаларменәңгімежүргізу, тіліндамыту.	1
20	Бала және балабақша	Бата туралытүсінікберу. Балаларғабатаберу.	1
21	Ойын және ойыншықтар	Балаларғатыйымсөздертуралытүсінікберу. Сөздердіңмағынасынтүсіндіру.	1
22	Менің отбасым	Балалардысалтдәстүріміздіңбірібесіккесалурәсіміментаныстыру. Бесікжырынайтиабілугеүйрету. Баланыңбойынаізгілікпенинабаттылыққасиеттерінұялату.	1
23	Ағайынды туыстар	Сыпайы, кішіпейіл, сұлуқызболуғатәрбиелеу.	1
24	Әдептілік мектебі	Балалардыңұлттықыдыстар, тағамдартуралыбілімдеріннақтылау. Дастарханбасындаөзінезіұстау, астыасықпайтөкпейішу, үлкенкісіденбұрынқолсозбаут. б. меңгерту.	1
25	Жыл мезгілі	Балалардымандылыққатәрбелеу, ақылойын, ойөрісіндамыту, аптакүндерітуралыбілімдерінбекіту.	1
26	Балабақша мекенім	Балаларғатүрлікөлікқызметінпайдаланубарысындатәртіптіболуғаүйрету.	1

27	Ойын-сауық	Балалардың ұқыпты болуға, еңбекті сүйетәрбиелеу.	1
28	Отбасы мүшелері	Балаларға асқабылдаудың тәртібі мен тазалық туралы ұғым беру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
29	Балалықтың бал мекені	Балалардың көше мәдениетін сақтап тәртіпті болуға, тазалықты сүйетәрбиелеу.	1
30	Жыл мезгілі	Балалардың есіне көшетәртібі ережелерін қалыптастыру, ой өрісін дамыту.	1
31	Әкемнің алқабы	Балалардың Отанымызды қорғаған жауынгерлерге деген сүйіспеншілігі мен ізетін, оларды мақтан ету мен құрметтеу сезімін ояту. Патриоттық әдептілік тәрбиесін беру.	1
32	Балабақшаның қызықты күндері	Балаларға құстарды, жануарларды қорғай білуді үйрету. Қамқорлық ажанашырлыққа тәрбиелеу.	1
33	Ойыншықтар	Балаларға көмек көрсету көрсетуді үйрету, негізгі тәртіп нормаларын бекіту, достыққа, ұжымдылыққа тәрбиелеу.	1
34	Үш дос	Үйдегі жүріс-тұрмыстың ережелері туралы балалардың білімдерін қалыптастыру, өзінің қылықтарына жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеу. Отбасына деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	1
35	Отбасы	Әдепті бал туралы өлең, тақпақтарды оқып беру, мақал, тыйым сөз арқылы балалардың тілін, естесіне сақтау қабілеттерін дамыту.	1
36	Жыл мезгілі	Әдептілік туралы білімдерін бекіту. Сұрақ жауап арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.	1
	<b>Барлығы:</b>		<b>36</b>